



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№32 (1856)
1 қазан
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU_FARABI

«Digital Bridge 2022» форумы өтті

Астана қаласында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумы өтті.



масының жүзеге асырылуы жөнінде баяндалды, сондай-ақ Alem бағдарламалау мектебі мен «Қазақстан халқына» қорының жобасы таныстырылды.

Будан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев стартап аллеясындағы әрбір жобаға арнайы тоқталып, компания өкілдерінің жетістіктерін тыңдады. Олардың бірқатары тек Қазақстан нарығымен шектелмей, шетел нарығына да шыға бастаған.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан көптеген дамыған елден озып, БҰҰ-ның цифрланған мемлекеттер рейтингінде үздік 30 елдің қатарына кіреді. Дегенмен Қазақстанды одан әрі цифрлық трансформациялау үшін көп жұмыс істеу керек. Президент өз сөзінде оның басымдықтарын айқындап берді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ұстаз – ілім мен ізгілік ұйымтқысы



Құрметті
университетіміздің оқытушы-профессорлары!

Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Білім және ғылым» атты конференцияда сөйлеген сөзінде:

«Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады», – деген болатын.

Сондықтан біз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген қағидаға берік сүйенеміз.

Ұстаз – ұлы есім. Сіздер арқалаған жүк ауыр. Даңқты жазушымыз Бауыржан Момышұлы: «Өмірге ұрпақ берген

аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген.

Шығармашылық, ғылыми ізденістеріңіз табысты болсын. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Ел алдында және шәкірттеріңіздің ортасында құрметке ие болып, мәртебелеріңіз арта берсін.

Жаңа Қазақстанды қалыптастыратын білімді ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектеріңіз жемісті болсын!

Мерекелеріңізбен, ардақты ұстаздар!

Құрметпен
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Биологтер белгілі генетиктің дәрісін тыңдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан тумасы, биология ғылымының докторы, Орегон ұлттық приматтарды зерттеу орталығы және АҚШ-тың Діңгекті жасушалар орталығының профессоры Шухрат Миталипов «Қазіргі эмбриология мен генетикадағы жаңа технологиялар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Оқу орнының биология және биотехнология факультеті ұйымдастырған шараға университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар мен білім алушы жастар қатысты.

«Шухрат Миталипов – генетикалық ауруларды емдеуде әлем бойынша жетекші ғалым-

дардың бірегейі. Оның зерттеулері ғылымға жаңалық алып келді. Бүгінгі көшбасшылық дәріс университеттің ғалымдары мен студенттеріне пайдалы болады деген үміттемін», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев.

Портландтағы Орегон денсаулық және ғылым университеті жанындағы Эмбрионалды жасушалық және гендік терапия орталығын басқаратын әлемдегі ең ықпалды ғалымдардың бірі, ядролық трансплантация бойынша көптеген зерттеулердің авторы Шухрат Миталиповтің дәрісі көпшіліктің үлкен қызығушылығын тудырды.

(Материалдың толық нұсқасын 3-беттен оқи аласыздар)

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Рико ШЕЛЛЕР:

Ұлы Абайды
жан-жақты
зерделегім келеді

4 >>



Заманының
заңғар
заңгері

5 >>



Жатақхана
жайлы ма?

7 >>

Түркиялық профессордың деректерімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы TENMAK протонды үдеткіштер орталығының директоры Исмаил Бозтосунмен кездесті.



Тараптар ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыру, Қазақстан мен Түркия арасындағы атом және ядролық саланы дамыту перспективаларын талқылады.

«Еліміздегі ядролық ғылымды дамытуда біздің университет бар күш-жігерін салады. Осы

орайда Қазақстан мен Түркия арасындағы атом саласындағы бірлескен жобалар жасауға біз аса қызығушылықпен қараймыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесу соңында тараптар бастамаларды бірлесіп жоспарлы түрде іске асыруға уағдала-

сып, естелік сыйлықтармен алмасты.

ҚазҰУ-ға арнайы атбасын бұрған түркиялық профессор Исмаил Бозтосун көшбасшылық дәріс оқып, тың деректерімен бөлісті.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Ардагерлер марапатталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, «Ұрпақ сабақтастығы» атты мерекелік іс-шара өтті. Алқалы жиынға ҚазҰУ мен Бостандық ауданының ардагерлері, оқытушы-профессорлар құрамы және студент жастар қатысты.



Ел ардақтыларын ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтады.

«Біз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген қағидаға берік сүйенеміз. Қазақ «Қарты бар ел – қазыналы ел» деп, қашанда үлкенді құрметтеп, қариясын қадірлеген халық. Бүгінде университет жанындағы Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істеп тұруы

сіздердің ұжымға, білім алушы жастарға деген қамқорлықтарыңыздың белгісі», – деді ректор.

Университет басшысы қара шаңырақтың жаңа жетістіктерімен бөлісіп, ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңінің жоспарын таныстырды. Сонымен қатар еліміздің өркен жаюына үлес қосып жүрген бірқатар ардагерлерге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

«Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Қариялар алдағы университет жұмыстарына сәттілік тілеп, батасын берді.

Мерекелік тілек пен қошемет концерттік бағдарламаға ұласты. Сондай-ақ шара барысында 230 адамға әлеуметтік себет таратылды.

**Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезекті Ғылыми кеңес өтті. Жиында қабылдау кампаниясының қорытындылары және 2022-2023 оқу жылындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы айтылды.

Білім беру бағдарламалары қайта қаралады



Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – ҚазҰУ проректоры Фатима Жақыпованың ақпараты бойынша, жаңа оқу жылында ЖОО-ға 5253 студент грантқа түсті, оның ішінде 3389-ы бакалавриатқа, 1530-ы магистратураға және 334 ізденуші докторантураға оқуға қабылданды. Ал 2648 адам келісімшарт негізінде білім алуда. Нәтижесінде барлығы 7901 адам ҚазҰУ студенті атанған, оның ішінде ең үлкен контингент (1662) медицина және денсаулық сақтау факультетіне қабылданды. Студент саны бойынша екінші орын география және табиғатты пайдалану факультетіне тиесілі. Олардың саны 816 студентті құрады. Ақпараттық технологиялар факультетіне 659 талапкер оқуға түсті. Сонымен қатар ағымдағы оқу жылында әр факультет ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттырып отыр. Бұл бағытта химия және химиялық технология факультеті, биология және биотехнология факультеті, тарих факультеті жақсы нәтиже көрсетті.

Бұдан бөлек, проректор білім беру гранты конкурсына қатысатын және ақылы негізде талапкерлерді қабылдаудың шекті балы артқанын жеткізді.

Осы орайда, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім беру бағдарламалары сапасына және оқытушы-профессорлық құрам арасындағы ғылыми кадрлар санын арттыруға баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ биыл талапкерлерді қабылдау науқаны кезінде электрондық кезек жүйесі жетілдіріліп, цифрландырылды. Бұл туралы география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников егжей-тегжейлі баяндады. Шекті балды есептеу үшін жаңа бағдарлама енгізілді. Бұл өз кезегінде талапкерлердің уақытын едәуір үнемдеді және қабылдау комиссиясының жұмыс сапасын арттырды.

Университет басшысы жиын соңында: «Кафедралар мен факультеттер жарнамалық компанияға белсенді қатысуы керек. Себебі ҚазҰУ зерттеу университеті болып табылады. Біз өз мәртебеміз бен имиджімізді көтеруге керек. Ғылым мен білім беру үрдістерін ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын қайта қарау қажет», – деп тапсырды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚазҰУ наноспутниктері Түркістанда сынақтан өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің екі ультра-заманауи наноспутнигі Түркістаннан 50 шақырым жерде атмосфераның жоғарғы қабатына ұшырылды.

Бұл тәжірибелік сынақ оқу орнының Қазақстан-UNICEF-пен бірлескен UniSat білім беру хабаның ашылу аясында жүзеге асты.

UniSat – бұл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қазақстан-UNICEF-тің бірлескен білім беру бағдарламасы. Оның мақсаты – наноспутниктерді әзірлеу саласында қыздардың білімі мен біліктілігін дамыту, сондай-ақ командалық жұмыс, шешендік өнер, тайм-менеджмент және креативтілік сияқты дағдыларды жетілдіру. Бағдарлама гендерлік стереотиптерді жоюға және STEM білім беру саласындағы қыздардың үлесін арттыруға бағытталған.

«ҚазҰУ-дың UniSat спутниктері білім беру мақсаттарына ар-

налған және салмағы 1-ден 10 келі аралығындағы шағын ғарыш аппараттары класына жатады. Олар бірнеше камера және сенсорлармен жабдықталған. Қабылдағыштар ауа температурасы, қысымы, ылғалдылығы туралы мәліметтерді жинайды. Ал ауаның ластанғанын өлшейтін қабылдағыштар адам ағзасына өте қауіпті болып саналатын PM2,5 және PM10 микробөлшектерінің концентрациясын анықтайды», – дейді ҚазҰУ инженеринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры – жоба үйлестірушісі Әмірхан Темірбаев.

Спутникті іске қоспас бұрын, қатысушылар UniSat наноспутниктерінің ішкі жүйелерін өздері бағдарламалап, зертханалық жағ-



дайда сынап көрді. Олар 3D-модельдеу, бағдарламалық басқару блоктарын жобалау, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді әзірлеу дағдылары туралы білім алды. Нәтижесінде оқушы қыздар ҚазҰУ ғалымдарының жетекшілігімен наноспутниктен алынған деректерді өңдеуді үйренді. Сондай-ақ деректерді визуализациялауды

және миссияның соңғы есебін жазуды меңгерді.

Мәліметтерді талдау барысында Түркістан қаласының аумағындағы ауа құрамының микробөлшектер бойынша көрсеткіші Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған көрсеткіштерден жоғары емес екені анықталды. Дәлірек айтатын болсақ, PM2,5 сенсорының

көрсеткіші 5-тен 20 мкг/м³-ке дейін, ал PM10 сәйкесінше 10-нан 40 мкг/м³-ке дейінгі аралықта болды. Бұл орташа тәуліктік нормадан аспайды. Наноспутниктерден алған бұл деректерді ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда пайдалануға болады.

Сондай-ақ хабаның ашылу күнінде ҚазҰУ ғалымдары Түркістан өңірінің физика пәні мұғалімдеріне атмосфераның жоғарғы қабатына шар-зондтардың ұшу технологиясы бойынша тәжірибелік мастер-класс өткізді. Олар шар-зондтардың ұшу траекториясын және оның қону орнын алдын ала есептеуді үйренді.

Атмосфераға ұшырылып жатқан UniSat спутниктері – қазіргі таңда сынақтан өтіп жатқан инженерлік модельдер. Осыған дейін олар Алматы облысы, Өзбекстанның Навои облысында сыналды. ҚазҰУ ғалымдары жобаны жетілдіре отырып, болашақта UniSat спутнигін ғарышқа ұшыруды көздеп отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Доктор биологических наук, профессор Орегонского национального исследовательского центра приматов, профессор Центра стволовых клеток США Шухрат Миталипов прочел в КазНУ имени аль-Фараби лидерскую лекцию на тему «Новые технологии в современной эмбриологии и генетике». Мероприятие, организованное факультетом биологии и биотехнологии КазНУ, собрало представителей из различных научно-исследовательских институтов и научных центров РК. На лидерской лекции присутствовали руководители университета, профессорско-преподавательский состав и студенты Факультетов Биологии и биотехнологии, Химии и химических технологий, Медицины и здравоохранения, а также ученые АО Научного центра противинфекционных препаратов «Научно-исследовательского института проблем биологической безопасности», Института генетики и физиологии, Института молекулярной биологии и биохимии им. М.А.Айтхожина, НПЦ микробиологии и вирусологии и др.

Лидерская лекция одного из самых влиятельных ученых мира, возглавляющего Центр эмбриональной клеточной и геной терапии при Орегонском университете здоровья и науки в

Профессор Шухрат Миталипов в прошлом году вошел в первую десятку крупных ученых мира. Рестор также сообщил, что он согласился с его предложением статью



донорских яйцеклеток. Здесь мать не выступает как генетический участник, так как ребенок будет от отца и от донора. Поэтому основная масса мам не хотят вынашивать чужого ребенка, хотят своего. А наша технология помогает им иметь идентичного потомства, так как мы меняем только цитоплазму, а ядро остается. Это называется сокращенно МРТ. Эту технологию уже начали внедрять в клиниках», сказал лектор.

Далее ученый генетик рассказал о лечении генетических болезней человека. Основная масса генетических болезней унаследована от родителей и большинство они неизлечимы. По мнению американского ученого, соматическая геновая терапия неэффективна: слишком поздно, поэтому надо исправить миллионы мутантных клеток.

Шухрат МИТАЛИПОВ, ученый генетик, профессор Орегонского университета:

Раd влится в коллектив КазНУ

Портленде, пионера многих исследований по ядерной трансплантации Шухрата Миталипова вызвала большой интерес неслучайно. Уроженцу Казахстана, окончившему Тимирязевскую сельскохозяйственную Академию в Москве, а затем аспирантуру Медико-генетического научного центра РАМН и защитившему докторскую диссертацию в Институте генетики человека Медико-генетического научного центра Академии медицинских наук РФ удалось добиться поразительных результатов в науке. Шухрат Миталипов и его сестра Майя разработали методику лечения наследственных заболеваний путем замены дефектной материнской ДНК на здоровую донорскую, испытав ее на десятке макак. По сути, они были первыми, кто «отредактировал» геном человеческого эмбриона. Ранее именно в лаборатории Орегонского университета здоровья впервые был опробован метод зачатия «ребенка от трех родителей», который также позволяет избавиться от некоторых генных заболеваний.

Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Отметив заслуги первого ученого, которому удалось клонировать приматов, руководитель вуза представил участникам Шухрата Миталипова и подчеркнул: «Организация лидерских лекций успешных людей дает возможность живого общения студентов и молодых ученых нашего университета с всемирно известными, признанными учеными, общественными деятелями, писателями и предпринимателями нашей республики. Это общение позволяет студентам из первых уст получить информацию о специфике деятельности по выбранной специальности, а также вдохновляет их для дальнейшего саморазвития и построения успешной карьеры».

профессором КазНУ им. Аль-Фараби. «Профессор Шухрат Миталипович будет читать лекции нашим студентам, магистрантам и докторантам, также мы договорились создать казахско-американский совместный научный центр», отметил ректор КазНУ.

В начале лекции спикер поблагодарил руководство университета за приглашение и за возможность влиться в коллектив вуза. Ознакомив с Орегонским государственным университетом, где в данное время работает:

«Я живу в США с 1995 года. В настоящее время являюсь директором Центра Геной и Клеточной терапии в Орегонском университете. Это медицинский университет, считается одним из самых крупных предприятий в штате Орегон. У нас более 20 тысяч сотрудников. В целом это комплекс, в который входит приблизительно половина всех госпиталей в штате. Кроме этого есть факультет, который готовит медиков. А третья часть комплекса – это ряд НИИ и научных центров. Один из научных центров мы создали в 2010 году, который в основном занимается разработкой геной клеточной терапией, именно на половых клетках. Поэтому нас выделили отдельно, и мы напрямую подчиняемся президенту университета. В наш Центр входит 6 лабораторий и ЭКО-клиника. Основное наше направление – перепрограммирование соматических клеток, гаметы и эмбрионы клеток. Это интересное направление, как вы знаете, в нашем теле находится около 230 видов разных соматических клеток. Когда организм стареет или от болезней некоторые виды клеток, нейроны или кардиомициты отмирают. Они к сожалению, не восстанавливаются. То есть, мы с нейронами рождаемся, но прожить с теми клетками с которыми родились до конца жизни не сможем. Поэтому, если происходит в организме какие-то

изменение, как правила, в мозгах, нейронной системе отмирают клетки и нет новых, которые бы заменили их. Но у нас есть другие виды клеток, например клетки кожи или крови, которые постоянно восстанавливаются. По этому поводу есть идея, что мы можем перепрограммировать, например слитки крови как нейроны, то есть мы меняем их фенотипы из одного в другое. Это направление называется – перепрограммированием».

В ходе лекции Шухрат Миталипов подробно рассказал собравшимся о своих проектах и проводимых исследованиях. Кроме того, профессор поделился основными тенденциями медицинского геного редактирования зародышевой линии человека, перечислил возможные проблемы и пути их решения.

«Мои научные направления – Перепрограммирование соматических клеток человека в гаметы и эмбриональные стволовые клетки; Клеточная терапия гамет и эмбрионов (новое поколение ЭКО); Геновая терапия наследственных заболеваний. В основном мы создаем гаплоидных яйцеклеток из клеток кожи, занимаемся репрограммированием соматических клеток, например, клеток кожи вносим в гаметы, то есть либо в акциты, либо в сперму пациента у которого нет половых клеток. Это может быть люди, которые после химиотерапии или с возрастными изменениями не могут иметь своих детей. В таких случаях мы можем делать эксперимент используя их гаметы. Основная начальная клетка – это клетка кожи. У нас есть подклеточная терапия, это новые виды ЭКО. ЭКО изобрели давно, уже почти 50 лет прошло. Но оно не лечит бесплодных пар у которых проблема анатомическая, например гаметы и спермотозоиды в теле не встречаются за счет непроходимости. Но этим немногие страдают. У большинство семейных пар, у которых нет

детей, нет полноценных гамет или они вовсе отсутствуют. В этом случае ЭКО не помогает, потому что для ЭКО нужны полноценные гаммы обоих родителей.

Мы пытаемся перепрограммировать гаметы в яйцеклетке. Это делается довольно просто, в этом случае берется акцит от донора, оттуда извлекается ядро, остается только цитоплазма, и мы можем туда перенести ядро клетки кожи. Она может быть абсолютно другого человека. В этом случае это яйцеклетка искусственная, но она на самом деле полноценная, и как мы знаем, если ее перенести в клетки, то получается клонированный эмбрион. Это показало, что можно напрямую перепрограммировать любую клетку тела, это может быть и кожа или другое, что доступно, вносим в яйцеклетку. А дальше она может стать эмбрионом. Все наши соматические клетки диплоидные, потому такой акцит мы не можем оплодотворить, их мы активизируем без сперматозоидов. Геном, который пришел от кожи без изменения становится эмбрионом, идентичным донору откуда взята. Этот эмбрион можно трансплантировать на животных, получить потомство. Вы знаете, это началось с клона Долли, потом этот эксперимент делали на мышьях, на обезьянах. Сейчас на более 30 видах животных сделан такой эксперимент. К сожалению, для человека эта технология мало пригодна, потому что люди хотят иметь нормального ребенка, а не клонированного.

Есть у нас другое направление с использованием клонированных эмбрионов. Эту технологию мы ввели в 2007 году. Здесь вопрос стоял «можно ли заменить цитоплазму в яйцеклетке, если цитоплазма дефектная?» в основном бесплодие бывает из за плохого качества цитоплазмы во время созревания яйцеклетки. На сегодняшний день в Экоклиниках такая проблема решается за счет

Для этого нужно предотвратить передачу мутаций путем биопсии и проводить геновую терапию в гаметах или эмбрионах.

«У нас большое будущее использовать ЭКО для того, чтобы лечить наследственные заболевания. Как вы знаете, более 10 тысяч наших генов несут мутации, что вызывает болезни. На земле более млрд людей либо носители, либо болеют на геномном уровне. Проблема в том, чтобы родители не передавали потомкам генетических болезней. Мы считаем, что через ЭКО сможем предотвратить передачу болезни формных мутаций. Для этого нам нужен доступ к геному. Именно ЭКО позволяет нам доступ. Сегодня идет отбор эмбрионов, в которых нет мутаций».

Лекция, посвященная новым технологиям и достижениям в современной эмбриологии и генетике, содержала массу новой, полезной информации и главное – посыл обучающимся, ученым и всем присутствующим совершенствоваться и достигать своих целей. Широкое внедрение достижений генетики во все отрасли биологии требует наличия квалифицированных специалистов. Все это свидетельствует о важности качественной подготовки специалистов, хорошо владеющих генетическими знаниями. В заключение своего выступления лектор выразил намерение познакомить ученых из своей команды с профессорами КазНУ в целях обмена опытом. Тем самым он подчеркнул, что готов разрабатывать совместные программы и проводить исследования. После лекции состоялось обсуждение, на котором участники мероприятия смогли задать интересующие вопросы, получив на них полные ответы признанного во всем мире ученого Шухрата Миталипова и ученых – спикеров мероприятия.

Рико Снеллер – Alternative Perspectives and Global Concerns орталығының вице-президенті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дінтану және мәдениеттану кафедрасына шақырылған профессор.

– 2021 жылдың желтоқсан айында Алматыдағы ҚазҰУ-дың Дінтану және мәдениеттану кафедрасында бір ай дәріс оқыдым. Мені білім ордасына әріптесім,

ҚазҰУ-да сабақ беру мен үшін үлкен тәжірибе әрі сынақ болды. Бірақ сынақ болды дегенде, аудармашыға мұқтаж болғанымды меңзеп тұрғаным жоқ. Студент-



ерекше тәжірибелер, патология, психоанализбен т.б. толыса түсті. Пәлсапаның кемел деңгейі ретінде сананың терең құпиясын басшылыққа алдым. Менің ойымша, сана тақырыбы – шығыс пен батысты біріктіретін ортақ тақырып. Дәрістерімде талқыланған курс материалдарын және түйсігімде пайда болған соны идеяларды «Синхрондылықтың, шабыттың және жанның перс-

налған Мандевилль академиясында, Фри академиясында және Юнгия институтында дәріс береді. Сонымен қатар теологтер үшін философия тарихы курсынан Людвиг Клагес, Герман Фридман, Ханс Дриш, Отто Ранктың зерттеулеріне жеке-жеке тоқталып, онлайн сабақтар да өткізеді.

– Мен халықаралық ғылым саласында көп жыл бойы «Балама

Рико СНЕЛЛЕР:

Ұлы Абайды жан-жақты зерделегім келеді

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Нұрлыхан Әлжанова шақырды. Ол бір есте қаларлық, керемет кезең болды. Студенттерге негізгі үш тақырыпшадан тұратын бірқатар курс ұйымдастырдым. Олар: Антропология, дін және философия; Зорлық-зомбылық және қазіргі заман; Жан, синхрондылық және руханият. Алғашқы екі тақырыпшаны Лейден (Нидерланды) университетінде оқыған дәрістеріме сүйене отырып тарқаттым. Аталмыш оқу орнында 18 жыл бойы этика мен философиядан сабақ бердім. Үшінші тақырыпша үшін жақында жарық көрген «Синхронизм, шабыт және жанның перспективалары» (Cambridge Scholars, 2021) атты кітабымдағы тақырыптарды ұсындым, – деді профессор.

Ғалым Этика қоғамы (Societas Ethica), Nederlandse Vereniging voor Analytische Psychologie және Filosofie Oost West ұйымдарында басқарма мүшесі. Лейден университетінде «Метафизика: dögen антологиясын, Делездің «Көшпенділер» алаңы арқылы қайта оқу» тақырыбында докторлық дәрежесін алған. Профессор Снеллер ғылымда жаһандық этика, жаһандық даму, философия тарихы, адам құқықтары, руханият т.б. салалардағы 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

– Әл-Фараби атындағы

тердің дені ағылшын тіліне жетік. Мәселе сонда – шығу тегі әр алуан студенттер (азиялықтар, мұсылмандар, тәңіршілдер т.б.) өзімің шығу тегімді (еуропалық, христиан еврей) түсінуіме ықпал етті. Дегенмен Азия мен Еуропа қарқынды өзгеріс үдерісінде, яғни ортақ мүдде бағытын табу үстінде. Мен бұл жерде руханиятқа, мистицизмге және шаманизмге жаһандық қызығушылықтың оянғанын айтып отырмын. Сонымен қатар әр континентте климаттың өзгеруі, кең етек алған капитализм, зорлық-зомбылық қаупі т.б. ортақ мәселелер бар. ҚазҰУ студенттеріне бірі білсе, бірі біле бермейтін Фуко, Деррида, Фрейд, Шопенгауэр, Бубер және Джунг сияқты еуропалық ойшылдардың шығармашылығын жете таныстырғанымға қуанамын.

Аталмыш туындылар пәлсапаны терең түсінуге мүмкіндік береді. Дәрісімде білім алушыларға көпшілікке беймәлім ойшылдарды таныстырдым. Мәселен, неміс ойшылы Карл дю Прель (1833-1899) адамның бейсаналығына және оның жасырын мүмкіндіктеріне (телепатия, анықтық) енуге тырысса, тағы бір неміс философы Людвиг Клагес (1872-1956) рационалдық ойдан бұрын болатын сананың нәзік формаларын зерттеген. Бұлар мотивтік тұрғыдан студенттер



зерттеуіне септігін тигізуде деп есептеймін, – деді ұстаз.

Рико Снеллер 1998 жылы еврей, француз философы Жак Дерриданың теріс теология мен мистицизмге қатынасы туралы докторлық диссертациясын қорғаған. Оның айтуынша, ізденіс барысында еврей философиясына қатты қызығушылық танытуы ғалымның академиялық этиканы іңдетте зерттеуіне түрткі болған. Өйткені еврей философиясы этикалық сананың маңызына нақты тоқталып өткен.

– Еврей мистицизмін (kabbalah) және оның батыс философиясына әсерін зерттедім. Бірте-бірте интеллектуалдық көзжиегім азиялық философия, руханият, өмір философиясы,

пективалары» атты кітабымда жоғары деңгейде жеткізуге тырыстым. Аталмыш еңбегімде сан алуан ой қамтылған. Айталық, кітапқа шабыт, экстаз, сексуалдылық, азап және өлімнен бастап, басқа да түрлі тақырып арқау болды. Менің гипотезаларымның бірінде өлімге «түпсана күші» деген анықтама беріледі, яғни өлімді бейсаналық тұжырымның жоғарылауы ретінде қарастыруға болады. Жақында «Еуразиялық дінтану» журналына шаманизм мен метафизика туралы мақала ұсындым. Осы орайда, студенттерге Людвиг Клагестің шамандық философиясын таныстыруға мүдделімін, – деді профессор.

Ғалым бүгінде Нидерландыдағы дарынды студенттерге ар-

перспективалар және жаһандық мәселелер» атты ғаламдық аналитикалық орталықта түбі ирандық, қазір канадалық әріптесім Махмуд Масаэлимен бірге қызмет еттім. Біз әлем бойынша көптеген конференция ұйымдастырып, бірқатар зерттеу кітабын дайындадық. Ливандық әдебиеттанушы Наталья Абдель Фаттах пен голландиялық музыкатанушы Майкл Миннемамен бірге Outre-lignes деп аталатын өнер және психофилософия жобасын бастадық. Тағы бір халықаралық жоба: «Идеялар туралы ғылым». Аталмыш жобада әлеуметтік, ғылыми т.б. тәжірибедегі идеялардың пайда болуы мен қалыптасуы кең ауқымда қамтылған. Менің арманым – қазақстандық зияткер, зиялы аудиторияны шетелдік ынтымақтастық орталықтарымен байланыстыру. Жақында қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығымен таныстым. Алдағы мақсатымның бірі – данышпан Абайды шетелдік оқырман аудиториясына ұсына отырып, пәлсапалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп-зерделеу. Меніңше, әр ел өзіне тән мәдениет пен құндылықтан бас тартпай, өзара түрлі жоба мен зерттеу жүргізуі қажет. Тек осылай ғана біздің әлем өркендей алады, – деп сөзін қорытындылады профессор.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Кәсіби дипломат студенттермен кездесті

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі сыртқы қарым-қатынасына 30 жыл толды. Осыған орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен 2022/23 оқу жылында халықаралық қатынастар факультетінде тәуелсіз еліміздің сыртқы саясаты мен дипломатиясы тарихында өзіндік із қалдырған тұлғалардың көшбасшылық дәріс оқу ісі қолға алынды.



тұлға. Майталман дипломаттың Қазақстанның ТМД елдерімен, оның ішінде Армения және бауырлас Қырғыз елімен арадағы қарым-қатынасымызды, өзара серіктестігіміз бен ынтымақтастығымызды дамытудағы қосқан үлесі шексіз. Еліміздің ертеңі, болашақ дипломаттар Айымдос Ерсайынұлының өмір жолы мен қажырлы еңбегін қастерлейді әрі үлгі тұтады.

Білікті бітімгер көшбасшылық



дәрісін бастағаннан-ақ жас білім алушылардың назарын бірден баурап алды. Саңлақ дипломат өзінің дәрісін «Дипломаттың естеліктері: жаһандық тұрақсыз дәуірде дипломат болудың жүгі қандай?» тақырыбында өткізді. Дәрісте Айымдос Ерсайынұлы қазіргі таңдағы әлемдегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы мен құбылмалылығына тоқталып, осы құбылыстардың жаһандану кезеңінде жедел таралуынан

туындайтын түрлі формадағы қауіп-қатердің елімізге ықпалы жайында айтып, оған тың баға берді. Өзінің Армения Республикасында төтенше және өкілетті елші болып тұрғанда армян академиялық қоғам өкілдерінен Дешті Қыпшақ тақырыбына қатысты көп әңгіме естігенін, Армения мемлекеттік архивінде орта ғасырлардағы қыпшақтар жайлы ақпаратты қамтитын көптеген деректерді байқағанын жеткізді.

Дәріс соңында Айымдос Ерсайынұлы кәсіпқой дипломатқа қажетті мінез-құлық, аса маңызды қабілет жайындағы тәжірибесімен бөлісті. Бітімгер дипломат болу үшін жас ұрпаққа екі түрлі формадағы білімді меңгеру қажеттігін атап өтті. Елші алдымен «терең білім» – өз мамандығын жете меңгеру үшін жинайтын ілім болса, екіншісі «кең ауқымды білім» – бұл кәсіпке қатысты жинайтын білім туралы айтып берді. Дипломаттың ойынша, осы екі түрлі формадағы білімді ұштастыра білген жас маманның болашағы жарқын.

Айымдос Ерсайынұлы сынды тұлғалардың тәжірибесімен танысу өскелең ұрпақтың дамуы мен өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруына мол үлес қосады.

Сырым ПАРПИЕВ,
халықаралық қатынастар факультеті деканының ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс бойынша орынбасары

Заманының заңғар заңгері

Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, тұтас бір заңгерлер буынын қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан ұлағатты ұстаз Сұлтан Сартаевтың биыл – 95 жылдығы. Осы орайда, ғалым шәкірттері ұстазы хақында жылы естеліктерімен бөлісті.

Заңгерлер мектебінің негізін қалаушы

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан», – деп ұлы Абай айтқандай, Сұлтан ағаның тәрбиесі мен өнегесін үлгі тұтып, құрметтеген шәкірттерінің бірі болдым. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашағын бағдарлай алатыны анық. Ұстаз туралы ой толғау әрбір шәкірттің өткенін електен өткізіп, болашағына баппен қарайтындай үлгілі бейненің суретін салумен пара-пар. Ұстаз бақыты – шәкірт құрметі. Ұрпақ тәрбиесі ұстазға байланысты дегендей, ұлағатты ұстаздан шоқтығы биік шәкірттер шығатыны сөзсіз.

Сұлтан Сартайұлы ғылымның көкжиегінде, оның ішінде құқық ғылымында, мемлекеттің іргелі буынын құрайтын салада үздіксіз еңбек етті. Сұлтан аға қашанда жаңашылдықты жанына жақын ұстанды. Соның бір дәлелі – мемлекетіміздегі тұңғыш Қазақстан заңгерлер ассоциациясын құрып, басшылық жасаған еді. Сонымен қатар заң және халықаралық қатынастар саласындағы жеке жоғары оқу орындарының ашылуына да атсалысты. Ол кең ауқымды ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған зерттеу жұмыстары мен педагогикалық қызметтегі істерін көптеген қоғамдық-саяси жұмыстармен ұштастыра жүргізді. Игі істерді ізгілендірген, рухани ауқымы орасан ғалымнан дәріс алған шәкірттері қазіргі таңда білікті маман, ел тізгінін ұстаған білімді басшы атанып отыр. Бүгінде ағамыздың шәкірттері еліміздің заңдылығын нығайтуда, құқықтық мемлекет құру жолында қажырлы еңбек етуде.

Сұлтан ағаның Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі белсенді ғылыми-оқытушылық қызметін ерекше атап өтуге болады. Ол кісінің ғылыми жетекшілігінің көмегімен көптеген заң ғылымының докторлары мен кандидаттары бүгінде мемлекеттік атқарушы органдарда және жоғары оқу орындарында абыроймен қызмет атқаруда. Сондай-ақ көрші Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің білім ордаларында диссертациялық кеңестердің белді мүшесі болып, сол мемлекеттердің ғылым саласына заңгерлер мектебінің негізін қалап, көптеген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарына жетекшілік етіп, шәкірттер шоғырын қалыптастырды.

Бүгінде ортамызда болмаса да, Сұлтан ағаның ғылым саласына қалдырған құнды ғылыми еңбектерін университет қабырғасындағы студенттер, магистранттар, докторанттар, жалпы, ғылымға бет бұрған жас мамандар пайдаланып, оқып, білуде. Ең бастысы, артында азаматтық болмысын ардақ тұтатын, еңбегін де, есімін де естен шығармайтын еңселі де зерделі халқы мен ұрпағы бар. Сондықтан оның ғылымдағы мол мұрасы мен ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа қашанда үлгі болатыны анық. Сұлтан ағаның кісілік, адамгершілік, бекзаттық қасиеттері бізге өнеге.

Ақылбек ИСАБЕКОВ,
Мемлекет және құқық, конституциялық және әкімшілік құқық теориясы мен тарихы кафедрасының доценті



Адал еңбекпен өсіп-өнген жан еді

Адам баласының өмірдегі орны еліне сіңірген еңбегімен өлшенетіні анық. Туа біткен дарынымен ғылым мен білімнің тізгінін тік ұстаған, еліміздің біртұар азаматы, ұстазым Сұлтан Сартайұлы көзі тірі болса, 95 жасқа толар еді.

Сұлтан Сартайұлы өмір жолында мемлекет пен қоғамдық істерге белсене араласып, жауапты қызметтер атқарды. Ел тәуелсіздігін бекемдеп, оның ары қарай өркендеп дамуы үшін маңызды құжаттарды дайындауға белсенді қатысқан қайраткерлердің бірі болды. Ғалымның өмір жолы оның белгілі мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының, ҚР Жоғарғы Кеңесінің XIII шақырылымының белсенді депутаты, саясаткер, ғылыми зерттеуші, публицист, қаламгер және түптеп келгенде, нағыз ұстаз және тәлімгер болғанын көрсетеді.

С.Сартаев 700-ден аса ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстар, оның ішінде 40-тан аса оқулық пен оқу құралдарын, 25 монография, 10-нан аса ғылыми-көпшілік кітапшала жазып,

Қазақстанның заң ғылымы білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Жастық шағынан еңбекпен достасып, талай қиындықты еңсере білген Сұлтан Сартайұлы Қазақ КСР-і президенттік кеңесінің мүшесі, 1990 жылы Қазақ КСР-ның Президенті жанындағы кешірім комиссиясының төрағасы, 1989-94 жылдары Қазақстан заңгерлер одағының президенті, 1994 жылдан Қазақстан Республикасының адвокаттар алқасының вице-президенті, Қазақ халықаралық байырғы халықтар және этникалық азшылық қорының президенті қызметтерін атқарды.

Сұлтан Сартайұлының қажырлы еңбегі бағаланып, КСРО-ның «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, Қырғыз Республикасының «Даңқ» орденімен марапатталды.

Сұлтан Сартайұлының еңбекқорлығы мен рухының биіктігі ескерлеп ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге.

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,
заң ғылымының кандидаты

Есімің халық жадында

ҚР ҰҒА академигі Сұлтан Сартайұлының есімі Қазақстан егемендігінің конституциялық негізін құру үшін атсалысқан заңғар заңгерлер С.Зиманов, Ф.Сапарғалиев және т.б. сынды ерекше атап өтуге лайықты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде профессор-оқытушылар құрамының басым көпшілігі (түгелге дерлік) академик С.Сартаевтың қолынан түлеп ұшқан шәкірттері.

Көрнекті ғалымның өзі айтпақшы, бала күнінде ауылда тұратын Мәди атты арбакеш көкесі болатын. Сол кісі пар ат жегілген арбасымен жанынан зырғытып өткенде оған қызыға қарайтын. Сөйтіп, Мәди көкесіндей арбакеш болғысы келетін. Бала қиялы осылайша ойлайтын, қиялдайтын.

Ол кезде мұғалімдік мамандықтың қадірі әбден артып, аспандап тұрған заман. Ата-анасы үлкен ұлдарының (Сұлтан ағайдың) мұғалім болып, туған ауылының балаларына білім берсе екен деп армандапты. Сөйтіп, болашақ ғалым орта мектепте тәлім-тәрбие алған соң, тағдырдың талайымен Ресейдің Горький облысының Выкса қаласындағы металлургия зауытында балқыма құятын кран машинисі болып еңбек етеді. Содан келесі жылы Алматы заң институтының табалдырығын аттайды. Оқу орнын үздік бітірген соң, Мәскеу мемлекеттік заң институтының аспирантурасын табыспен аяқтап, 1952 жылы «Қазақ КСР-інің құрылуы мен дамуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Сосын елге оралады.

Кейіннен өзі ұйымдастырған Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының ректоры болып еңбек етті.

Академик Сұлтан Сартайұлының еліміз тәуелсіздік алған тұста мемлекеттанушы – заңгерлік, ғалым-қайраткерлік қыры мен таланты, шынайы елжандылық сезімі, ерекше патриоттық рухының биіктігі жарқырап көрінді. Аса білікті заңгер-ғалым, академик Салық Зимановпен бірге ел егемендігіне, мемлекет тәуелсіздігіне, ана тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты Парламентте, ел, тіл тағдыры шешілетін биік мәртебелі мінберлерде, үлкен жиындарда екеуінің алма-кезек, бірін-бірі толықтырып сөйлеген өткір де дәлелді сөздері, айтқан орынды ұсыныс-пікірлері барша жұрттың айызын қандырып, дән риза етті. Мұның бәрі әлі халықтың жадында. Бұл істер нағыз елін, жұртын сүйген мемлекетшіл, халықшыл жандардың шынайы жанашырлық жасампаз ерліктері іспетті еді.

Ақмарал СМАНОВА,
заң ғылымының кандидаты

Ұстазым жайлы ұмытылмас естеліктерім бар

Кез келген кезеңнің жарқын тұстарын айқындайтын тұғырлы тұлғасы болады. Тарих беттері осындай біртұар азаматтардың есімімен қатталады. Ол Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бастап, осы кезге дейін мемлекеттің заңнамаларын жетілдіруге өлшеусіз үлес қосты. Мемлекетіміздің алғашқы Конституциясынан бастап, барлық маңызы бар заң құжаттарының қалыптасуында Сұлтан Сартайұлының қолтаңбасы бар. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, академиктің

жазған ғылыми еңбектері қазіргі буынға да, келер ұрпақ үшін де таптырмас рухани қазына, өшпес мұра.

Мен Сұлтан Сартайұлының көп шәкіртінің бірімін. Орайы келіп тұрғанда ұстазым жайлы бір естелік айта кеткім келеді. 2008 жылы ҚазҰУ-дың ректоры болып Б.Жұмағұлов тағайындалды. Ол өз қызметін университеттің барлық құрылымдарын аралап, танысумен бастады. Бір күні біздің де кафедрामызға келіп, оқытушылар құрамымен таныса бастады.

Менің тегімді естіп, Сұлтекеңе жалт қарады да, «Туысыңыз емес пе?» деп күліп сұрады. Сонда Сұлтекеңнің «Он мне не родственник, но я был бы рад, если он был моим сыном» деп жауап бергені мәңгілік есімде қалды. Ол кісі мені өзіне өте жақын тартты. Өмірінің соңына дейін жұмысқа ерте келіп, қара кешке дейін еңбек етті. «Әй, Спатай багтыр» деп іздеп тұрушы еді. Бүгінде кабинеті өз атындағы мұражайға айналған. Өмірінің соңына дейін көбірек қасында жүруге тырыстым. Батасын ал-

дым. Бірлесіп шығарған еңбектеріміз де баршылық. Бұл мен үшін ұмытылмас, өте жылы кезеңдер еді.

Сұлтан Сартайұлының ерен еңбегі ескерусіз қалмайтынына сенімдімін. Абзал азаматтардың есімін ардақтау қазақ халқының ұлы қасиеттерінің бірі. Ғалымның есімі мен еңбектері ұлтымыздың тарихи жадында алтын әріптермен жазылары хақ.

Спатай САРТАЕВ,
заң ғылымының кандидаты

Мақсат – студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Бүгінгі таңда білім берудің әлемдік даму тенденциялары бірнеше бағытта жүзеге асып жатқанын білеміз. Дамыған елдердің жоғары оқу ордалары ашықтыққа бейімделген. Ғылым мен өндірістің тығыз қарым-қатынасы жолға қойылған. Білім деңгейі, сапасы жоғары. Оқытушылардың кәсіби білігі мықты. ЖОО мазмұнын ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктеріне бағыттайды. Міне, осындай жүйе біздің жоғары білім саласына да қажет-ақ және соңғы кездері халықаралық бәсекелестік үдесінен шығу үшін біршама мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық жобалар қолға алынды. Солардың бірі – «Білімді ұлт» – сапалы білім беру жобасы. Бұл жоба қалай жүзеге асып жатыр? Оның басымдығы мен артықшылығы неде? Осы мәселелер төңірегінде газет тілшісі Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Мәрия Майлықтовамен тілдескен еді. Бүгін сол әңгімені назарларыңызға ұсынамыз.

– Сіздіңше, «Білімді ұлт» жобасының тиімділігі неде?

– Жаһандану жағдайында бізге ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы мен интеграциялануына сай, жастарға берілетін білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтар, әсіресе мәдениетаралық парасат-пайым, ақпараттық жетістіктер және тілдік (ана тілі мен шегел тілдері) құндылықтармен толықтыру, байыту өзекті. Осыған орай, елімізде білім сапасын арттыру мақсатындағы «Білімді ұлт» – сапалы білім беру ұлттық жобасы жүзеге асуда. Аталған жобаның шеңберінде зияткерлік әлеуетті дамыту, мем-

лекеттік тілдің дамуына жағдай жасау, жастар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашу секілді толғақты мәселелер қарастырылған. Жобаның құндылығы осында.

– Нақты қандай шаралар қолға алынды?

– «Білімді ұлт» ұлттық жобасы бес тапсырма, 15 көрсеткіш және 26 іс-шараны қамтиды. Жоба Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары және Мемлекет басшысының өткен жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы шеңберінде қойылған міндет-

терді іске асыруға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының халықаралық имиджі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Академиялық артықшылық орталықтары» жобасын әзірлеуден басталды. Жоба шеңберінде 2025 жылға дейін 20 академиялық артықшылық орталығы (15 өңірлік және бес пе-

дагогикалық жоғары оқу орны) құрылады. Мүдделі мемлекеттік органдармен, ЖОО-мен бірлесе жол картасы бекітілді. Сондай-ақ жобаны іске асыру туралы ереже де бекітілді. Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оңтайландыру жөніндегі кеңес «Академиялық артықшылық орталықтары» құ-



руға арналған жоғары оқу орындарының тізімі де жасалды. Сонымен қатар Назарбаев университетінің тәжірибесі бойынша екі озық өңірлік ЖОО құрылады.

– Жобаның нәтижесіне қандай болжам жасайсыз?

– Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылдың 19 шілдесіндегі №349 бұйрығына сәйкес, республикалық бюджет шеңберінде еліміздің 29 жоғары оқу орнына 200 шетелдік сарапшы тартылды. 2022 жылы халықаралық білім беру бағдарламалары мен шетелдік әріптестермен академиялық алмасуларды іске асыратын жоғары оқу орындарының үлесі 35 пайызға дейін ұлғайды. Бұдан басқа, 200 шетелдік сарапшы оқытушылық қызметке тартылмақшы.

ЖОО-да құрылатын академиялық артықшылық орталықтары студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Өйткені олар бірден өндірістік процеске қосылып, қосымша оқытудың немесе біліктілікті арттыру курстарынан өтпестен, техникалық жабдықтар мен оқыту бағдарламаларының нәтижесінде өндірістерге бірден бейімделеді. Бұған қоса, іскерлік қабілетті, ұлттық және жаһандық кәсіби құзыреттерді игереді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлзат
НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Цифрлық Қазақстан – технологиялық серпілістің негізі

Түрлі бағалауларға қарағанда, цифрлық экономика түрлі саланың 50 пайыздан астамына үлкен өзгерістер алып келеді. Себебі ақпараттық технологиялар мен платформалар бизнес үлгілерін түбегейлі өзгертіп, делдалдарды жою және оңтайландыру арқылы олардың тиімділігін арттыруда. Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірінше, жоғары жылдамдықты интернетті пайдаланушылар санының 10 пайызға артуы ЖІӨ-нің жылдық өсімін 0,4 пайыздан 1,4 пайызға дейін арттыруы мүмкін.

2019 жылы цифрлық трансформацияның жаһандық нарығы 1,18 триллион долларды құрады. 2023 жылы нарық 2,3 триллион долларға дейін өседі деп күтілуде. Әлемдік бизнес көшбасшыларының 68 пайызы цифрлық трансформацияны өз компаниялары үшін басты басымдық ретінде көрсетеді.

Цифрлық экономикада өндіріс факторлары да басқа сипат алады. Еңбек құралдары автоматтандырылуда және олардың техникалық күрделілігіне қарамастан, басқаруды жеңілдетеді. Жұмыс күші де өзгерістерге ұшырауда. Сонымен, цифрлық экономиканың белгілі бір бөлігін өндіруде жұмыс істейтін бір жұмысшы оны шығару үшін машинада сәйкес бағдарламаны таңдау керек және бұл арнайы білімді қажет етпейді, тек тәжірибе мен белгілі бір дағдылар керек. Білім саласындағы мамандықтарға сұраныс артады. Мысалы, ЕО елдерінің цифрлық нарығында 5,7 миллион маман жұмыс істейді. Бес жылдан кейін олардың саны цифрлық технологиялар саласындағы білікті мамандар болып табылатын 11 миллион адамға дейін өседі.

Қазақстанда соңғы бес жылда кәсіпорындарда АКТ (ақпараттық коммуникациялық технологиялар) шығындарының динамикасы жалпы тұрақсыз. 2018 жылы Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жалпы шығын-

дар бір жыл ішінде 12,8 пайызға азайып, 305,2 млрд теңгені құрады. Салыстыру үшін: бір жыл бұрынғы осы кезеңде АКТ шығындары 29,8 пайызға өсіп, 349,9 млрд теңгені құрады.

Шығындар құрылымына назар аударған жөн. Мұнда негізгі үлесті ақпараттық технологиялармен (байланыс және оқыту қызметтерінен басқа) үшінші тарап ұйымдары мен мамандарының қызметтеріне ақы төлеу шығындары алады. Олар жалпы шығындардың 35 пайызын құрайды. Лицензиялық келісім негізінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдарды сатып алуға 52 257,5 млн теңге жұмсалды, бұл жалпы көлемнің 17 пайызын құрайды. Сондай-ақ АКТ-ны дамыту және пайдаланумен байланысты қызметкерлерді оқытуға кететін шығындардың айтарлықтай төмендеуін атап өткен жөн. Осылайша көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 5,5 есеге төмендеген.

Демек, мемлекет тарапынан меншікті ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми жұмыстарды қолдау үшін субсидияларды көбейту маңызды.

Әрине, цифрландыру өте қымбат процесс. Сарапшылардың пікірінше, технологиялық қайта жарақтандыруға байланысты ең төменгі шығын 5 миллион долларға бағаланады және оны Қазақстанның барлық кәсіпорындары көтере алмайды. Дегенмен цифрлық экономи-



каны нығайту ұлттық экономиканың өсуіне ықпал ететінін ескерсек, Қазақстан мемлекеті, кәсіпорындары оны дамыту үшін ішкі және сыртқы ресурстарды табуы қажет. Өйткені кез келген технологиялық серпіліс жоғары білікті жұмыс күшін қажет етеді. Отандық білім беру жүйесі экономиканың барлық салаларындағы цифрлық трансформация талаптарына сай болу үшін икемді болғаны абзал. Ол үшін балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін білім беру мен тәрбиелеудің экожүйесін, оның ішінде жоғары оқу орындары мен ФЗТҚЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) саласындағы кәсіпорындар мен оқу орындары арасындағы үйлестіруді күшейткен жөн. Бүкіл ел бойынша цифрлық экономика дағдыларын жылдам дамыту, өмір бойы білім алуға бағытталған білім беру үлгілеріне назар аударатын, бар жұмыс күшін оқыту және біліктілігін арттыру үшін білім беру платформаларына инвестиция қажет.

Бұл бағытта оң өзгерістер бар. Қазақстанда цифрландырудың бастауы 2013 жылы «Ақпараттық Қазақстан – 2020»

мемлекеттік бағдарламасы қабилданған кезде қаланды. Ол ақпараттық қоғамға көшуге, мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, «ашық және мобильді үкімет» институттарын құруға, корпоративтік құрылымдар үшін ғана емес, сонымен қатар ел азаматтары үшін де ақпараттық инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруға бағытталды. Одан кейінгі қадам «Цифрлық Қазақстан» жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу болды.

Жаңа мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін цифрлық экожүйені үдемелі дамыту. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: цифрлық Жібек жолын іске асыру (сенімді, қолжетімді, жоғары жылдамдықты және қауіпсіз цифрлық инфрақұрылымды дамыту), креативті қоғамды дамыту (цифрлық экономика үшін құзыреттер мен дағдыларды дамыту, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс, АКТ мамандарын даярлау), экономика сек-

торларындағы цифрлық трансформациялар (бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін цифрлық экономиканың әртүрлі секторларына технологияларды кеңінен енгізу), проактивті жағдайға көшу (электронды және мобильді үкімет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметтерді көрсетуді оңтайландыру).

Елімізде цифрландыру қарқынын жеделдету үшін барлық перспективалар бар. Цифрлық технологияларды пайдаланатын ірі және орта кәсіпорындардың үлесі 2019 жылғы 5,9 пайыздан 2020 жылы 7,8 пайызға дейін өсті. Цифрландыру бағдарламасы өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Мысалы, жекелеген елдердегі мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін сипаттайтын E-Government Development Index-2020 (Electronic Government Index) рейтингінде Қазақстан 29-орында тұр. Бұл «Ақпараттық Қазақстан-2020» жоспарынан төрт жолға ғана төмен. 2020 жылдың ортасына қарай мемлекеттік қызметтердің 82 пайызы электронды түрде көрсетілді (қазіргі жоспар бойынша, 2022 жылға қарай тек 80 пайызға жеткізу жоспарланған болатын).

Жалпы, нарықтың айтарлықтай өсу әлеуетін жоққа шығара алмаймыз. Алайда белгілі бір жетістіктерге қарамастан, еліміздегі АКТ саласының дамуы әртүрлі проблемалармен байланысты болып отыр. Соның бірі – білікті кадрлардың өткір тапшылығы. Қазақстан 2025 жылға қарай АКТ өнімдері мен қызметтері экспорттың жалпы көлемін 500 миллион доллар деңгейіне дейін ұлғайту міндетін қойды.

Дәурен ТҮРАРОВ,
э.ғ.к., доцент м.а.,
Экономика және бизнес
жоғары мектебі

Университет қабырғасына оқуға түскен 1-курс студенттері оқу ордасының жатақханаларынан орын алып, жайғасты. Олардың жағдайы қалай? Жатақхана көңілінен шығып жатыр ма? Қандай ұсыныс-тілектері бар? Осы мәселенің анық-қанығын білмек болып, газет тілшілері жатақханаларға бас сұққан еді. Студенттердің пікіріне құлақ түрелік.

Жатақхана жайлы ма?



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төрағасы даму стратегиясын ұйымдастырды. Бұл даму стратегиясында кәсіподақ төрағасы Бақдәулет Баймаханұлы 2020-22 жылдар аралығында атқарылған жұмыстардың статистикалық мәліметтеріне шолу жасап, соңғы екі жыл көлемінде елімізде орын алған жағдайларға байланысты кәсіподақтағы өзгерістер мен мәселелердің шешімін қарастырып өтті. Даму стратегиясына факультет төрағалары мен орынбасарлары, ҚазҰУ бойынша мега-жобалардың координаторлары, «Оңай» көліктік жол картасының бас мамандары және клуб жетекшілері мен кәсіподақ белсенділері қатысты.

нымен қатар жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша түрлі бос жұмыс орындарын ұсынады. Инвесторларды тарту және қолдау алу мақсатында түрлі Start-up жобалары арқылы өз бизнестерін бастауға мүмкіндік береді.

Бұл даму стратегиясының мәні «Сұңқар» кәсіподағы қызметінің мәні мен мақсатын нақтылау, атқаратын жұмыстары мен қызметтерін, кәсіподақ жарғысы мен құндылықтарын нақты бекіту болды. Әрине, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төрағасы ұйымдастырған даму стратегиясында айтылған әрбір ұсыныстың іске асуы үшін, ең бастысы, әрбір келешек «сұңқарлық» көшбасшы атсалысуы керек. Біз университет тарапынан үлкен қолдау мен сенімге ие кәсіподақтың жаңа сатыға көшетініне, жаңа экономикалық және саяси-әлеуметтік өрістерге жететініне сенім арттамыз.

Әйгерім ЕРАЛЫҚЫЗЫ,
«Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының PR-менеджері

Қамбар АРЫСТАН,
механика-математика факультеті:



– Менің студенттік өмірім №6 жатақханадан басталды. Жатақханада жөндеу жұмысы жүргізілген екен, таза, айнадай жарқырап тұр. Өзім 506-бөлменің тұрғынымын. Мұнда студентке қажетті дүниенің бәрі бар, жағдайымыз жақсы. Осындай көркем мекенде білім алып, өмір сүріп жатқаным аса қуаныштымын. Бәріміз жан-жақтан келіп, танысып, достасып жатырмыз. Сабағымыз да жақсы, ата-анамыздың үмітін ақтауға тырысамыз.

Нұрсұлтан ЖҰМАДІЛОВ,
механика-математика факультеті:



– Мен тұратын №6 жатақхананың жағдайы жақсы әрі жайлы. Маған 211-бөлме бұйырды. Біздің жатақхана студенттердің көңілінен шығып жатқанына шүбәм жоқ. Алайда жатақханадағы кір жуатын машинаны қолдану бағасы студенттерге қымбаттау деген ойдамын. Мысалы, 30 минут уақытқа кір жуу үшін 300 теңге төлеуге тура келеді. Тағы бір студенттерге қолайсыз жағдай – душ қабылдау уақытының аздығы. Осы мәселенің шешімі табылса деген тілегім бар.

Дастан ҚАЛЕКЕС,
филология факультеті:



– Мен ҚазҰУға оқуға түскенім өте қуаныштымын. Біздің №17 жатақхана өте тамаша. Барлығы көңілімінен шығып тұр. Өзіме ұнамайтындай еш кемшілік көріп тұрмам жоқ. Себебі барлық қызық-дүман біздің жатақханада болады. Студенттік өмірім қызықты басталды.

Алтынай КЕҢЕСБЕК,
химия және химиялық технология факультеті:



– Маған №13 жатақханада тұру ұнады. Студентке қажеттінің бәрі бар. Бөлмені таза, ұқыпты ұстау өзімізге байланысты. Бұл жақта уақыттың қызықты өтеді. Жаңа адамдармен танысып, жаңа достармен табысасың. Студенттік өмірді сезінесің. Қызықты іс-шараларға қатысып, өзінді дамытасың. Осының өзі үлкен қуаныш.

Перизат БАЛҒЫНБАЕВА,
филология факультеті:



– Мен қазір №17 жатақханада тұрамын. Біріншіден, жатақхана білім ордасына жақын. Ауласы кең. Жағдайдың бәрі жақсалған. Екінші жағынан, қолайсыз жақтары да бар: душқа кезек көп. Асханада газ жетіспей қалады. Бірақ бұдан зардап шегіп жатқанымыз жоқ, ішінара кездесіп тұратын жағдай ғой, оның студенттік өмірге еш кедергісі жоқ.

Алина ЖҰМАҒАЛИЕВА,
химия және химиялық технология факультеті:



– Мен үшін жатақханада тұру – уақытты қызықты әрі пайдалы өткізу. Жатақханада тұрып, студенттік өмірдің бар қызығын басымнан өткіземін. Жатақхананың жағдайы жақсы, бөлмелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Біздің қауіпсіздігімізді күзетшілер қорғайды. Әрбір қабатта, жатақхананың сыртында бейнебақылау орнатылған. Күн сайын тексеріс жұмыстары жүргізіледі. Жатақхана – біздің екінші үйіміз. Сондықтан оны ұқыпты, таза ұстауға тырысып жүрміз.

Даму стратегиясының ерекше жаңалығы – заман талабына сай тиімді кәсіподақ құру үшін жастарды қолдау мен дамуына төрт бағдар қойылды. Ол – жаңару және құндылық, бәсекеге қабілетті кәсіподақ, кәсіподақ құрылымының жаңа моделі, тұлғалық даму.

«Студент жастар арасындағы суицид, қаржылай сауатсыздық, жұмыс тапшылығы, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, тұрғын үй мәселесі, құқықтық заң бұзушылық, жемқорлық т.б түрлі себептер бойынша нақты ақпараттың жетіспеуінен түрлі мәселелер туындауда. Сонымен қатар түрлі жастар мәселесі мен дамыту

бағытын қамтитын ақпараттық ауқымды платформа құру басты назарда», – деп атап өтті Бақдәулет Баймаханұлы.

Кәсіподақ төрағасының бүгінгі даму стратегиясында әлеуметтік жаңғырған жаңа кәсіподақ негізін дамытуда өте үлкен мәселелерді шешуді міндет етіп қойды. Солардың бірі – еліміздегі әрбір университет тамамдаған маманның жұмыссыз қалу қаупі. Осы мақсатта кәсіподақ инвесторлар мен демеушілер санын көбейтіп, студенттердің еліміздегі ірі компаниялар мен түрлі орындарда жұмыс істеп, тәжірибе алмасуына, біліктіліктерін арттыруына жағдай жасайды. Со-

Өмірді уақытпен өлшейді дейді, ал уақытты қимылмен дағы... Бұл сөздің мағынасы көкжиек құған саяхатшыны һәм алып аспан асты елінен қой үстіне бозторғай жұмыртқалар жер іздеген сол бір Асанқайғыны еске салады-мыс. Шеңбер жолды шола өткен, соңына дейін бола өткен күйбендікті білдіреді екен-дағы...

Қоңыр көздер жауғанды, ел баласы яядан ұшқан құсқа теңелген кез. Міне, үлкен оқу аяндайды алыстан. Болашақтың бұлдырлығын бойда көре, санадағы сан сақты бір жылғаға жинай көре, жаңа тұлға өз жолын тандайды.

Он жылдық еңбек. Төккен тер. Аққан жас. Қайнаған қан. Сен он бірінші сыныпты тамамдадың... Алда – Ұлттық бірыңғай тестілеу.

Күндер өтер. Өз қалпымен тоқтамай уақыт та зымырар. Ал сол бір хабарландыру, ойламаған жерден нақ бір сәтте келіп жетті. Мен оқуға түстім!.. Сенейін бе? Мен?.. Оқуға...

Сол заманда, үш жыл бұрын, ақ қағазға үш қатар сөз жазыппын. Үш жоғары оқу орнын... Үш мамандық... Ең бірінші жолда – арман екен. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Екінші орын – талғам екен. Үйге жақын деген СДУ болды. Үшінші орын – түссем түстім, түспесем қалдым деген

Ақталған еңбек

(эссе)



ойдағы үміт екен. Әжем ілім алған Абай атындағы ҚазҰПУ болды.

Сол хатпенен жаңа өмір басталды. Жаңа есік ашылды. Қазақ ұлттық университеті есігі. Ол кезде ҚазҰУ қалашығы ауылдан арман қуып келген жас бойжеткенге қала болып көрінді. Үлкен қала... Шексіз білім... Қазірде бой түзеген, ой күзеген ол қызыңыз бар жағынан өзгерді. Бірақ бір нәрсе ғана сол күйі қалған. Ол – таңдану сезімі. Жаңа ақпарат... Зәулім жатақ... Кіші қала... Кітапхана... Міне, үш жыл оқыған білім ордасын жаттап та алды. Бірақ жыл сайын құлпыра гүл ашқан раушандар; төрт мезгіл тонын түп жасыл ұстаған шыршалар; жүгіріп өтер тиіндер; ғимараттарды жалғайтын шақырымдар. Білік-

ті ұстаздар. Сүйкімді студенттер лебі... Бәрі ғажап.

Сондағы бұл оқу орнын таңдаған қызға сұрақ келді. Неге ҚазҰУ?.. Гарвард... Йель... Неге Түркия, Чехия емес? Қазақстанда болса, неге басқа қаладан, дәлірек айтсақ, сол баяғы Астанадан Назарбаев университеті яки ЕУУ емес? Неге?

Сонда қыздың жауабы түйілген екен жүректен... Алып шаһар Алматым мың бояуымен мың қалаға татыса, мен таңдаған ҚазҰУ-ым қазынасымен елдің Азиясына татиды... Қазірде, енді болар жас түлек ҚазҰУ-дағы бір күнге өтер-кетер мың күнін айырбастауға даяр.

Аяулым ДӘУЛЕТКЕЛДІ,
шығыстану факультетінің 4-курс студенті

Сауалнаманы жүргізгендер:

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ



Жұмыс берушілер өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыруға қатысу, мемлекеттік аттестаттау комиссияларының құрамын бағалау және түлектерді жұмысқа қабылдау кезінде тікелей жұмыс беруші ретінде әрекет ету арқылы білім сапасына әсер етеді. Жұмыс берушілердің университеттің білім беру қызметіне тікелей қатысуы білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ сараптау бойынша консультациялар, практикалық сабақтар жүргізу, қонақ дәрістер мен семинарлар ұйымдастыру ісінен көрініс береді.

Жұмыс берушілермен байланыс нығаяды



бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу; студенттерді тәжірибелік сабақтарға бағыттау; бірлескен ғылыми зерттеулер жасау.

Экономика кафедрасы таяуда 4-курс студенттеріне жұмыс берушімен «Бизнес аналитика: қажетті дағдылар» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Кездесу қонағы Мақсат Қалибеков – QBI Analytics компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры. Ол ӘЖБЖМ «Экономика» мамандығының 2007 жылғы үздік түлегі. Кездесудің мақсаты – кәсіби біліктілікке қойылатын еңбек нарығы талабының бірі – студенттерді кәсіби тағылым-дамадан өтуге қабылдау. Мұндай іс-шаралар студенттерге жұмыс берушілермен кездесіп, қарым-қатынас жасауға, жұмысқа орналасу мәселесі

бойынша кеңес алуға тамаша мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «Микроэкономика» сабағының «Сұраныс және ұсыныс икемділігі» тақырыбы бойынша «бірлесіп оқыту» форматында жұмыс берушінің дәрісі өтті. Дәріс барысында отандық компаниялардың кейстары талданды. Сөйтіп, теориялық білім практикадағы қолданысымен ұштастырылды. Алдағы уақытта «бірлесіп оқыту» форматында жұмыс берушінің дәрісі «Кәсіпкерлік», «Қолданбалы эконометрика» т.б. бейіндік пәндер негізінде өткізу жоспарланып отыр.

Ғалия ДӘУЛИЕВА,

Экономика кафедрасының меңгерушісі

Экономика және бизнес жоғары мектебінің Экономика кафедрасы жұмыс берушілермен байланысты нығайту бағытындағы жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді. 2021/22 оқу жылының соңында отандық корпоративті сектордың ірі ұйымдарымен, атап айтқанда: «Отбасы Банк» АҚ, «Агро Лэнд Ко» ЖШС, «Скиф Трейд» ЖШС және «Key To Life ЕС» ЖШС-мен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Кездесу барысында тараптар ынтымақтастықтың үш негізгі бағытын белгіледі. Олар: бірлесіп оқыту және білім беру

Студенттер ҚазҰУ музейімен танысты

Еліміздегі ғылым мен білімнің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университет музейі студент жастарға рухани-мәдени, тарихи-философиялық ой қалыптастырып келеді. Сондықтан университеттік ортада интеллектуалды ұлт болып жетілудің белгілі кезеңдері дамиды. Сондықтан, студенттер музей құндылықтарымен танысып, жылдар бойы жинақталған қазынамен сусындағаны абзал.



туратын 12 мыңнан аса жәдігер сақтаулы екен.

Музей аумағында қоғам және университет өміріне қатысты танымдық-тәрбиелік, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттемелік, инновациялық қызметтер нәтижелі жүзеге асуда. Жыл сайын мұнда әлемнің әр елінен – ғалымдар, мәртебелі қонақтар, студенттер келіп, университет тарихымен танысып, естелік кітабына қолтаңбаларын қалдырып жатады. Онымен студенттеріміз де танысып, қызықтап оқып шықты.

Экспозициялық кешен негізінен «Тарих галереясы», «Даңқ залы», «Университеттің тұрақты дамуы» деп аталатын залдардан тұрады.

Әсіресе болашақ философтар үшін музейдің тарихи-философиялық мәнінің жоғары болғаны унады. Бірінші курс студенті Бекарыс Мұқаш:

«ҚазҰУ қалашығы Алматының ең әдемі нүктесінде орналасқан. Қалашыққа кірген бойда асқар Алатау ғылым мен білім әлемінің заңғар биігіне шақырып тұрғандай болады. Бүгінгі музей таныстырылымы бізге өзіміз оқитын оқу ордамыздың тарихи кезеңдерінен бастап, жетістіктері, түлектері туралы кең түсінік қалыптастырды. Біз де болашақта осы университеттің мақтанышы болатындай түлек боламыз деп ойлаймын», – дейді.

Шын мәнісінде бакалавриаттың алғашқы күндерінде жүргізілген жұмыстардың тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан студенттер бұл кураторлық сағаттан жақсы әсер алғаны анық.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының аға оқытушысы, жетекші-эдвайзер

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**

• «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.

• Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.

• Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.

• «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.

• Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.

• Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.

• Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,

«QAZAQ UNIVERSITETI»

газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Біздің оқырман



Досбол БАЙФОНАКОВ,

тарих ғылымының докторы, профессор

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.